

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

2. Мейірбеков А.Қ., Әлімбетов Қ.Ә. «Кәсіпорын экономикасы», Алматы экономика, 2016 ж.
3. Қуатова Д. Я. «Кәсіпорын экономикасы», Алматы экономика, 2016 ж.

УДК 336.647/.648

ҰЙЫМНЫҢ ӨТІМДІЛІК ПЕН ТӨЛЕМ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ТАЛДАУ

Мұқаш Нұрай

mukashovan03@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 4 курс «Қаржы» білім бағдарламасының студенті

Астана, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекші – э.ғ.к., аға оқытушысы Ажмухамедова А.А.

Ұйымның қаржылық жағдайын бағалаудың маңызды критерийлері оның өтімділігі мен төлем қабілеттілігін бағалау болып табылады. Ендеше кәсіпорын өтімділігін анықтау үшін актив пен пассивтің тиісті топтарының мәндері салыстырылады.

Кесте 1 – Stadler Rail AG өтімділік дәрежесі бойынша активтерін және өтімділік мерзімділігі бойынша міндеттемелерін топтастыру

Актив	2020 ж. млн. тг	2021 ж. млн. тг	2022 ж. млн. тг	Пассив	2020 ж. млн.тг	2021 ж. млн.тг	2022 ж. млн. тг
A1	441728	581075	416831	П1	141859	108902	120256
A2	213131	229933	302824	П2	1299323	1384515	1335353
A3	942611	907705	842807	П3	294815	387529	356890
A4	547652	607510	640512	П4	409126	445277	390474
Ескерту – автор Stadler Rail AG есептік дереккөзі негізінде жасаған [12]							

1-кестеден байқағанымыздай, талданған кезең ішінде өтімділіктің бірінші шарты орындалады. Ал екінші тобы бойынша кәсіпорынның үш жыл ішінде бұл қысқа мерзімді міндеттемелерді өтеуге жылдам өтімді активтердің жетіспеушілігі байқалады. Яғни жылдам өтімді активтердің жетіспеушілігі 2020 жылы 1086192 млн. теңге едәуір айырмашылық көрсетсе, 2021 жылы 1154582 млн. теңге, ал 2022 жылы 1032529 теңгені құрады. Алайда өткен жылдармен салыстырғанда айырмашылықтың оң динамикасын байқауға болады. Активтер мен міндеттемелердің үшінші тобы бойынша үш жылда төлем профициті бар, бұл баяу өтімді активтердің ұзақ мерзімді міндеттемелерді толық өтеу мүмкіндігін көрсетеді. 2020 жылы 138526 млн. теңге, 2021 жылы 162233 млн. теңге, ал 2022 жылы 250038 млн. теңге айырмашылықпен төртінші топтың да теріс динамикасын көруге болады. Тұтас алғанда, «Stadler» компаниясын баланыс абсолютті өтімді болып табылмайды. Толығырақ қарастыру үшін келесі кестеге назар аударамыз.

Кесте 2 – Кәсіпорынның өтімділік және төлем қабілеттілігінің көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Жылдар			Өзгерісі +/-		Өзгерісі %	
	2020	2021	2022	2022/2021	2022/2020	2022/2021	2022/2020

Жалпы төлем қабілеттілік коэффициенті	0,9	1,1	0,9	0,9	1,0	-13,1	-2,9
Абсолютті өтімділік коэффициенті	0,3	0,4	0,3	0,7	0,9	-26,4	-6,6
Жылдам өтімділік коэффициенті	0,5	0,5	0,5	0,9	1,1	-9,0	8,8
Ағымдағы өтімділік коэффициенті	1,1	1,2	1,1	0,9	1,0	-6,7	-3,2
Жұмыс істеп тұрған капиталдың маневрлік коэффициенті	6,0	4,0	7,9	2,0	1,3	95,8	30,8
Активтердегі айналым қаражаты үлесі	0,7	0,7	0,7	1,0	1,0	-4,0	-4,8
Ескерту – автор Stadler Rail AG есептік дереккөзі негізінде жасаған [12]							

2-кестеден кәсіпорының абсолютті өтімділік коэффициенті нормативтік мән 0,2-ден үлкен, яғни 2020-2022 жылдардағы шамаларынан оң көрсеткіш байқаймыз. Бұл кәсіпорының қолда бар қаражат есебінен қысқа мерзімді міндеттемелерінің 2021 жылы 40%-ын, 2022 жылы 30%-ын өтей алатынын білдіреді.

Нормативтік мәні 1 жылдам өтімділік коэффициенті көрсетілген үш жыл ішінде 0,5-ті құрады. Яғни егер кәсіпорын дебиторлардан берешегін алса, қысқа мерзімді қарыздарының 50%-ын төлейді.

2020 жылы нормативтік коэффициенті 2 болып табылатын жалпы өтімділік коэффициенті 1,1-ге тең. Бұл ретте барлық талданатын кезеңде теріс өзгеріс орын алады.

Кәсіпорының төлем қабілеттілігін және өтімділігін талдау нәтижесінде қысқа мерзімді міндеттемелерін толық жабуға меншікті айналым қаражатының жетіспеушілігі анықталды. Дегенмен жалпы төлем қабілеттілік коэффициентінің талданған кезеңде нормативтік 0,9-мәннен жоғары екендігін және кәсіпорының ерекшелігін ескере отырып, оған айналымнан тыс қаражаттың көп мөлшері қажет екенін ескере отырып, кәсіпорын іс жүзінде дағдарыстық жағдайда емес.

Мұндай жағдайда басшылыққа капиталдық құрамы мен құрылымын оңтайландыру, сондай-ақ иммобилизацияланған активтерді азайту мақсатында басқару шешімдерін қабылдау ұсынылады.

Әрі қарай, осы кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы талданады.

Ұйымның қаржылық тұрақтылығы субъектінің қаржылық қатынастарының болашағы мен тиімділігін дұрыс анықтауға және бағалауға мүмкіндік береді, оның іскерлік беделін айқындайды. Талдау кезінде кәсіпорынның қаржылық жағдайының күшті және әлсіз жақтарын анықтап қана қоймай, оның әртүрлі салаларындағы қызметіне баға беруге, сонымен қатар, қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін кәсіпорынның қаржылық саясатын жасайтын негізделген бағалау шешімдерін қалыптастырады.


Кесте 3 – Stadler Rail AG қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Жылдар			Өзгерісі +/-		Өзгерісі %	
	2020	2021	2022	2022/2021	2022/2020	2022/2021	2022/2020

Тәуелсіздік коэффициенті (автономия коэффициенті)	0,2	0,2	0,2	0,0	0,0	-7,4	-7,1
Тәуелділік коэффициенті	0,8	0,8	0,8	0,0	0,0	1,8	1,7
Қаржыландыру коэффициенті	0,2	0,2	0,2	0,0	0,0	-9,0	-8,6
Қарыз және меншікті қаражат арақатынасының коэффициенті	4,2	4,2	4,6	0,4	0,4	9,9	9,4
Инвестицияларды жабу коэффициенті(қаржылық тұрақтылық)	0,3	0,4	0,3	0,0	0,0	-5,2	3,4
Инвестициялау коэффициенті	0,2	0,2	0,2	0,0	0,0	-7,4	-7,1
Қарыз қаражатын ұзақ мерзімді тарту коэффициенті	0,4	0,5	0,5	0,0	0,1	2,6	14,0
Маневрлік коэффициенті	-0,3	-0,4	-0,6	-0,3	-0,3	75,8	89,1
Қорларды меншікті қалыптастыру көздерімен қамтамасыз ету коэффициенті	-1,4	-1,5	-2,1	-0,6	-0,6	41,4	43,0
Қысқа мерзімді берешек коэффициенті	0,8	0,8	0,8	0,0	0,0	1,1	-3,3
Кредиторлық берешек коэффициенті	0,1	0,1	0,1	0,0	0,0	5,0	-1,0
Дебиторлық және кредиторлық берешек қатынасы коэффициенті	1,0	1,5	2,0	0,5	1,0	33,3	95,3
Ескерту – автор Stadler Rail AG есептік дереккөзі негізінде жасаған [12]							

3-кестенің деректері кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы жайлы ақпарат береді. Кәсіпорын тәуелсіздік коэффициенті нормативтік мән 0,5-тен төмен 2020 -2022 жылдары 0,2-ге тең. Тиісінше, тәуелділік коэффициенті теріс көрсеткіш көрсетеді. Бұл кәсіпорынның тәуелсіздікті сақтауға меншікті капиталға ие емес, яғни қарыз капиталына тәуелді екенін көрсетеді. Мұны қаржыландыру, меншікті және қарыз капиталының арақатынасы көрсеткіштері растайды. Сонымен қатар, кәсіпорын өз капиталын тиімсіз пайдаланады. Ол

маневрлік коэффициенттің кезеңдегі теріс мәндерінен байқалады. Меншікті капиталдың иммобилизацияланғанын және еркін басқару мүмкіндігі шектеулі.



1-сурет. Stadler Rail Group тарихы

Ескерту – [12] негізінде автормен құрастырылған

Алынған мәндер бойынша кәсіпорының меншікті капиталдың жетіспеушілігіне байланысты несие берушілерге айтарлықтай тәуелділігін білдіреді. 8-суреттен байқауға болады, Stadler Rail AG ағымдағы міндеттемелердің үлесі меншікті капиталдан анағұрлым жоғары. Бұл кәсіпорынның қысқа мерзімді қарыздарын толық өтей алмауымен түсіндіріледі.

Жалпы, жүргізілген талдау көрсеткендей, Stadler Rail AG 2020-2022 жылдары қаржылық тұрғыдан тұрақсыз болды.

Қолданылған әдебиет тізімі:

1. Куатова. Д.Я. «Экономика предприятия». Учебное пособие. - Алматы: «Экономика». 2011 - 352 с.
2. Бисенғазиев М.Б., Хамитов А.Ш. «Кәсіпкерлік негіздері», Орал 2017 ж.
3. Stadler Rail Group жылдық қаржылық есептер

УДК 338.48

ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ БАНКОВСКОГО СЕКТОРА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Нуралы Нурбек Кенжебекулы

nuralynurbek48@gmail.com

Студент Актыубинского регионального университета им. К. Жубанова

Актобе, Казахстан

Научный руководитель – Ажаипова И.Ш.

В свете быстрого развития цифровых технологий и изменения потребительских предпочтений, банковский сектор Республики Казахстан сталкивается с необходимостью цифровой трансформации. Эта трансформация является ключевым фактором для обеспечения конкурентоспособности банков и удовлетворения потребностей клиентов в условиях быстро меняющейся экономической среды.

Цифровая трансформация банковского сектора Республики Казахстан особенно активно